

**ЦИКЛОНОРМ АЛЬФА**  
ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ  
ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1-ші жұмсақ гель капсуласының құрамы :	% ТТҰД-дан*	ТБД**-нен %
Мио-инозитол	550 мг	110**
Альфа-лактальбумин 65%	21,7 мг	
D-хиро-инозитол	13,8 мг	
Фолий қышқылы	0,24 мг	120***

*қосалқы заттектер:* соя майы, соя лецитині (E322) (эмульгатор), орта тізбектегі триглицерид, майлы қышқылдардың полиглицерин эфирлері (E471) (эмульгатор), майлы қышқылдардың моно- және ди-глицеридтері (E 471) (қоюлатқыш); қабықша құрамы: бұқа терісінен жасалған желатин (қабықша), глицерин (E 422), қызыл темір тотығы (E172) (бояғыш), қара темір тотығы (E172) (бояғыш)

\* ТС ТР 022/2011 Кеден одағының «Тамақ өнімін таңбалауына қатысты» техникалық регламенті» 2-қосымша және

\*\*БСЭГТ-ның барабар деңгейінен аспайды, 5-қосымша

\*\*\*БСЭГТ-1-бөлім, 5-қосымша тұтынудың жоғары рұқсат етілген деңгейінен аспайды

**СИПАТТАМАСЫ:**

**Циклонорм Альфа** — бұл құрамында мио-инозитол, D-хиро-инозитол, альфа-лактальбумин және фолий қышқылы бар биологиялық белсенді қоспа. Бұл компоненттер репродуктивті, эндокриндік және иммунды қоса алғанда, ағзаның әртүрлі жүйелерінің жұмысын жақсартуға ықпал етеді.

**Мио-инозитол** жасушаішілік сигналдарды беруге және инсулин рецепторларының, репродуктивті гормондар мен өсу факторларының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Мио-инозитолдың туындылары репродуктивті жүйенің қызметі мен эмбрионның дамуына қатысатын ерекше ақуыздармен әрекеттеседі. Мио-инозитол фоллаттар мен В<sub>3</sub> және РР витаминдерінің, сондай-ақ магнийдің маңызды синергисті болып табылады. Преовуляторлық және овуляторлық кезеңдерде фолликулярлық сұйықтықтағы мио-инозитолдың концентрациясын арттыру фолликулдардың жетілуі мен жоғары сапалы аналық жасушалардың қалыптасуы үшін қажет. Аналық жасушалардың жетілу процесінде мио-инозитолдың туындылары жасушаның морфологиялық құрылымының қалыптасуында басты рөл атқарады, гонадотропинге сезімталдықты қамтамасыз етеді. Мио-инозитол аналық без тіндерінде гипофиз гормондарына сезімталдықты қалыпқа келтіреді, бұл оны гиперандрогенді жағдайлары бар әйелдердің аналық жасушаларының жетілуіне арналған терапиялық агент ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Оны қабылдау тестостерон деңгейін төмендетеді және овуляция процесін жақсартады, бұл бедеулікті емдеу және поликистозды аналық без синдромы (ПКАБС) бар пациенттер үшін маңызды. Сонымен қатар, мио-инозитол инсулинге төзімділік индексі төмендетеді. Репродуктивті медицинада мио-инозитолдың тиімділігі зерттелуде. Овуляцияны ынталандыруды бастамас бұрын мио-инозитолды қолдану ооциттердің сапасын жақсартып, аналық бездердің гиперстимуляция синдромының жиілігін төмендетеді.

**D-хиро-инозитол** инсулин метаболизмін реттеуге және оған сезімталдықты қалпына келтіруге ықпал етеді. Поликистозды аналық без синдромы кезінде овуляцияны қалыпқа келтіруге және өздігінен овуляцияны ынталандыруға көмектеседі: етеккір циклін реттеуді қолдайды, метаболикалық синдромның көріністерін азайтады, триглицеридтердің, сондай-ақ гиперандрогения кезінде қандағы бос және жалпы тестостерон деңгейін төмендетеді. Сонымен қатар, ұрықтану қабілетін арттыруға ықпал етеді және инсулинге төзімділік жағдайында оның сезімталдығын жақсартуға көмектесу үшін қолданылуы мүмкін.

**Альфа-лактальбумин** – сиыр сарысуында және басқа сүтқоректілердің сүтінде кездесетін маңызды ақуыз. Ол инозитолдардың сіңуін жақсартады және терапиялық сәтсіздік қаупін азайтады.

**Фолий қышқылы (Витамин В<sub>9</sub>)** – В тобына жататын суда еритін витамин, ол ағзадағы жаңа жасушалардың бөлінуі мен өсуі үшін, мелатонин синтезі және бірнеше маңызды амин

қышқылдарының метаболизмі үшін қажет, сондай-ақ ДНҚ репликациясы мен қан түзілу процесіне қатысады. Адам ағзасы В<sub>9</sub> витаминіне өсу мен даму үшін, әсіресе қан жасушалары мен дезоксирибонуклеин тізбектерін қалыптастыру үшін мұқтаж. Фолий қышқылының жетіспеушілігі анемияға әкелуі мүмкін және ұрықтағы жүйке түтігінің ақауы, туа біткен жүрек ақаулары және басқа да патологиялар сияқты туа біткен кемістіктердің қаупін арттырады.

#### **ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

- Гормондық тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді
- Эндокриндік және иммундық жүйелердің жұмысын жақсартуға ықпал етеді
- Бұзылған етеккір циклін қалпына келтіруге көмектеседі
- Поликистозды аналық бездер синдромының (ПАБС) даму қаупін азайтуға ықпал етеді
- Әйелдерде аналық бездің функцияларын және жұмыртқа жасушаларының сапасын сақталуына көмектеседі
- Репродуктивті жүйенің жұмысын жақсартуға ықпал етеді

#### **ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:**

Ересектерге 1 капсуладан тәулігіне 2 рет (таңертең және кешке) тамақтану кезінде, бір стакан сумен қабылдау қажет.

#### **100 г-ға ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ:**

Ақуыздар: 20,9 г.

Майлар: 35,4 г.

Көмірсулар: 1,29 г

Энергетикалық құндылық: 407,36 ккал/ 1704,4 кДж

#### **ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕР:**

- компоненттерге жеке төзбеушілік;
- жүктілік және емізу кезеңі;
- 18 жасқа дейінгі жас;

#### **ЕРЕКШЕ НҰСҚАУЛАР:**

Ұсынылатын тәуліктік дозадан аспауға және әртүрлі теңгерімді тамақтануды алмастыру ретінде БАҚ қолдануға болмайды.

#### **ІСКЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ:**

Дәріхана желісі және мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

#### **САҚТАУ ШАРТТАРЫ:**

Жарықтан қорғалған жерде, 25 ° С жоғары емес температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

#### **ШЫҒАРЫЛЫМ НЫСАНЫ:**

Мемлекеттік және орыс тілдерінде қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапта 30 жұмсақ гель капсуладан.

#### **ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ:**

24 ай. Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолданбау керек.

**Өндіруші:**

Ekalab S.r.l

Via Volpago Sud 47

31050 Ponzano Veneto (Tv) Italy

**Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті**

**(МТК) ұстаушы:**

VEGAPHARM LLP,

Unit 18, 53 Norman Road, Greenwich Centre Business Park,

Лондон, Ұлыбритания, SE10 9QF.

**Тұтынушылардан шағым қабылдауға уәкілетті ұйым:**

«Serpheus Medical» (Цефей Медикал) ЖШС, ҚР,  
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы 7, «Нұрлы Тау» ТК, 5А блогы,

247 кеңсе тел: +7 (727) 978 69 71, e-mail: [cerpheusmedical@gmail.com](mailto:cerpheusmedical@gmail.com)